

*С.Сайфулмаликова *¹*

*¹тарих ғылымдарының докторы, Абай атындағы ҚазҰПУ, Қазақстан, Алматы қаласы
E-mail: sabirasha@mail.ru*

ТАШКЕНТ ҚЫЗДАР ГИМНАЗИЯСЫНЫҢ ҚҰРЫЛУ ТАРИХЫНАН (1876-1917)

Аңдатпа

Мақалада Түркістан генерал-губернаторлығының оқу басқармасына қараған Ташкент қыздар гимназиясының тарихы қарастырылған. Оқу орны алғаш прогимназия, кейін гимназия дәрежесін алды және Халық Ағарту министрлігіне бағынды. Жұмыста қыздар гимназиясына қатысты қабылданған 1870, 1880 жылғы Ереже баптары талданады және Ташкент гимназиясына қатысты баптардың ерекшеліктері көрсетілген. Гимназияда оқытылған міндетті және міндетті емес пәндер, оқуға қабылдану талаптары, қабылданған қыздардың ұлттық, діни, әлеуметтік құрамы айқындалған. Қыздар гимназиясының оқу тәрбие жұмысында діни, адамгершілік тәрбиесі басты ұстаным болғандығы талданады.

Ташкент қыздар гимназиясына бөлінген қаражат көздері, оқу ақысы, Түркістан генерал-губернаторының, әр түрлі қоғамдар мен жеке тұлғалардың қыздардың білім алуына жасаған қайырымдылық әрекет-тері, гимназияның материалдық әлеуеті, ішкі тәртібі, оқу үрдісі, педагогикалық курстар мен ата-аналар комитетінің қызметіне қатысты мәселелер де көрсетілген. Автор Ташкент қыздар гимназиясындағы білім алушылар қатарында орыс қыздарының, православ дініндегілердің басым болғандығын анықтаған. Мақалада қыздар гимназиясының үй мұғалімі, үй тәлімгері дәрежесіндегі педагогтардары даярлаудағы ролі де көрсетілген. Гимназия мұғалімдері, қадағалаушылар құрамы, Педагогикалық Кеңес жұмысы, педагогикалық үйірме, педагогикалық оқулардың жұмыстары да қарастырылған.

Кілт сөздер: Түркістан генерал-губернаторлығы, қыздар гимназиясы, Ташкент, Ереже, оқу-тәрбие жұмысы, мұғаліма, қадағалаушы, пәндер.

*Сайфулмаликова С. *¹*

*¹доктор исторических наук, Казахский национальный педагогический университет им. Абая,
г. Алматы, Казахстан.
E-mail: sabirasha@mail.ru*

ИЗ ИСТОРИИ СОЗДАНИЯ ТАШКЕНТСКОЙ ЖЕНСКОЙ ГИМНАЗИИ (1876-1917)

Аннотация

В статье рассмотрена об истории создания Ташкентской женской гимназии, открывшейся в учебном управлении Туркестанского генерал-губернаторства. Учебное заведение открылось как прогимназия, затем было переименовано в гимназию и подчинялось в Министерство Народного просвещения. В работе анализируются принятые правила в отношении женских гимназий от 1870, 1880 годов, указываются особенности статей, касающихся Ташкентской женской гимназии. Определены обязательные и необязательные предметы изученные в гимназии, требования к зачислению, также национальный, религиозный, социальный состав зачисленных девочек. Анализируется, что в учебно-воспитательной работе женской гимназии главным принципом было религиозное, нравственное воспитание.

Отражены источники средств, выделяемых Ташкентской женской гимназии, плата за обучение, благотворительные действия Туркестанского генерал-губернатора, различных обществ и частных лиц на образование девочек, материальный потенциал гимназии, внутренний распорядок, учебный процесс, педагогические курсы и вопросы, касающиеся деятельности родительского комитета. Автором установлено, что в числе обучающихся Ташкентской женской гимназии преобладали русские девушки, исповедующие православие.

В статье определена роль женской гимназии в подготовке домашнего учителя, домашнего наставника. Также рассмотрена состав учителей, надзирателей, работа Педагогического Совета, педагогического кружка и педагогических чтений.

Ключевые слова: Туркестанское генерал-губернаторства, женские гимназии, Ташкент, Положение, учебно-воспитательная работа, учительницы, надзирательницы, предметы.

*Saifulmalikova S.*¹*

*¹Doctor of History, Abai Kazakh National Pedagogical University Almaty, Kazakhstan.
E-mail: sabirasha@mail.ru*

FROM THE HISTORY OF THE TASHKENT WOMEN'S GYMNASIUM (1876-1917)

Abstract

The article examines the history of the creation of the Tashkent women's gymnasium, which opened in the educational department of the Turkestan Governor-General's Office. The educational institution opened as a pro-gymnasium, then was renamed a gymnasium and was subordinated to the Ministry of Public Education. The paper analyzes the accepted regulations regarding women's gymnasiums from 1870, 1880, and specifies the features of articles concerning the Tashkent women's gymnasium. The responsibilities of the Board of Trustees, the Pedagogical Council and the director are described. The studied disciplines of compulsory and optional subjects, enrollment requirements, as well as the national, religious, and social composition of enrolled girls are highlighted. The article analyzes the educational process and everyday life in a women's gymnasium. The author concludes that much attention was paid to religious and moral education in the women's gymnasium.

The sources of funds allocated to the Tashkent Women's Gymnasium, tuition fees, charitable actions of the Turkestan Governor-General, various societies and individuals for the education of girls, the material potential of the gymnasium, internal regulations, educational process, pedagogical courses and issues related to the activities of the parent committee are reflected. The author has established that Russian girls professing Orthodoxy predominated among the students of the Tashkent Women's Gymnasium.

The article defines the role of the women's gymnasium in the preparation of a home teacher, a home mentor. The composition of teachers, supervisors, the work of the Pedagogical Council, the pedagogical section and pedagogical readings are also considered.

Keywords: Turkestan Governor-General, women's gymnasiums, Tashkent, Board of Trustees, regulations, educational work, teachers, supervisors, subjects.

Кіріспе. XVIII ғасырда Ресейде әйелдердің білім алуына қарсылықтар болды, өйткені білім алған әйел моральдық тұрғыдан өзгереді деген көзқарас қоғамда басымырақ болатын. 1764 жылы II Екатерина-ның қабылдаған жарлығы негізінде бірінші қыздар институты құрылып, Ресейдегі әйелдердің білім алу жүйесінің негізі қаланды. XIX ғасырдың екінші жартысындағы Ресей империясының әлеуметтік-экономикалық, мәдени қатынастарындағы өзгерістер әйелдердің білім алуына деген талап, сұранысты өзгертті. Орыс демократтары әйелдердің ерлермен бірге тең құқықтық дәрежеде білім алуын және оларға арналған оқу орындарының жабық емес, ашық болуын талап етті. XIX аяғы – XX ғасырдың бас кезеңінде әйелдер саяси өмірде белсенді бола бастады, олар әр түрлі қоғамдық қозғалыстарға араласты. Әйелдердің бастауыш, орта, жоғары білім алуына мүмкіндіктер ашылғанымен, бірақ әлі де діни, ұлттық жағынан кейбір шектеулер сақталынды.

Түркістан генерал-губернаторлығында қыздарға арналған орта оқу орындары XIX ғасырдың екінші жартысында ашыла бастады, соның бір жүйесі прогимназия мен гимназиялар болатын. Батыс Сібір, Орынбор, Түркістан генерал губернаторлығында Орынбор қыздар гимназиясы (1868); Семей қыздар прогимназиясы (1871); Троицк қыздар гимназиясы (1873); Ташкент қыздар прогимназиясы (1876); Верный қыздар прогимназиясы (1877); Қостанай орыс-қазақ қыздар прогимназиясы (1898), Павлодар қыздар гимназиясы (1901), екінші Ташкент қыздар гимназиясы (1912) ашылды.

Ресейдегі барлық оқу орындары ер балаларға, қыздарға арналған деп бөлінді, яғни дәстүрлі қоғамдағы гендерлік ұстаным негізінде жүрді. Гимназияға барлық таптың өкілдерінен шыққандар оқи алады деп көрсетілгенімен, белгілі бір дәрежеде әлеуметтік, діни, ұлттық құрамы жағынан алғанда шектеулер болды. Қыздар гимназиясы орта білім берумен қатар кейбір қыздардың жоғары білім алуына жол ашты. Сонымен бірге гимназия түлектері қалалық училищелердегі мұғалімдер, үй мұғалімдері, тәлімгерлер қатарын қалыптастырған еді. Осы тұрғыдан алғанда Ташкент қыздар гимназиясының қалыптасу тарихын зерттеу өзекті деп көрсетеміз.

Түркістан генерал-губернаторлығында алғаш ашылған Ташкент қыздар гимназиясы мен Верный қыздар гимназиясы болатын. Халық Ағарту министрлігіне бағынған аталған гимназиялардан бөлек,

Ташкентте жеке меншіктегі екі қыздар гимназиясы ашылды, оның біріншісі О.М. Михайловский (1905 жылы), екіншісі Л.Ф. Гориздроның (1907 жылы) меншігінде болатын. XX ғасырдың бас кезінде Ташкенттегі қыздар гимназиясында оқитын шәкірттер санының көп болуына байланысты екінші гимназия ашу мәселесі қаралған еді, нәтижесінде бұл гимназия 1912 жылы ашылады. Мақалада негізінен Ташкенттегі бірінші қыздар гимназиясының тарихы қарастырылған.

Мақсаты мен міндеттері. Мақаланың басты мақсаты Ташкентте ашылған бірінші қыздар гимназия-сының ашылуы мен қалыптасуын талдау. Осыған байланысты мынадай міндеттер қойылады:

- Ташкент қыздар гимназиясы ашылуының алғы шарттарын көрсету;
- Қыздар гимназиясындағы оқу-тәрбие жұмысын және қыздарға қойылған талаптарды талдау;
- Қыздар гимназиясындағы мұғалімдер, шәкірттер құрамын анықтау;
- Қыздар гимназиясына қатысты қабылданған Ережелер, оқу бағдарламасын талдау.

Материалдар мен әдістемесі. Мақала Халық Ағарту министрлігінің қыздар гимназиясына қатысты қабылданған Ережелерге, оқу бағдарламасына, Түркістан оқу округінің есептеріне, Сырдария облысының статистикалық мәліметтеріне, мәселеге арналған зерттеу жұмыстарына, мерзімдік басылым деректеріне дәйектелген.

Жұмыс тарих ғылымындағы тарихилылық, объективтілік, жүйелілік принциптеріне негізделді. Ресейдің имперлік саясатындағы қыздарға орта білім беру мен әйелдер білімін реформалауға қатысты мәселе гендерлік ұстаным тұрғысынан зерттелді. Зерттеуде тарихи-талдау, жүйелік - талдау, тарихи-салыстыру әдістері қолданылды.

Талқылау. Қыздар гимназияларының құрылуы мен қалыптасу тарихы төңкеріске дейінгі тарихнамада А.И. Добросмыслов [1], Н.П. Остроумов [2] еңбектерінде қарастырылған. А.И. Добросмысловтың зерттеуі Ташкент қаласының тарихына арналғандықтан, автор қыздар гимназиясын басқа оқу орын-дарымен салыстыра атап өтеді. Түркістан мұғалімдер семинариясы, Ташкент ерлер гимназиясының директоры қызметін атқарған Н.П. Остроумовтың зерттеу еңбегінің негізгі бөлігі Түркістан өлкесіндегі оқу орындарының тарихына арналған. Автор Түркістан генерал-губернаторы фон К.К. Кауфманның Ташкент қыздар гимназиясын ашудағы еңбегіне ерекше тоқталған. Кеңестік тарихнаманың ерекшелігі кеңестік идеологияға негізделгендіктен, арнайы қыздар гимназиясының тарихын зерттеуге арналған еңбектер болмады, өйткені бастауыш мектеп тарихын зерттеуге басымдылық берілді. Түркістан генерал-губернаторлығындағы оқу орындарының тарихына арналған К.Е.Бендриковтың [3] зерттеуінде Ташкент қыздар гимназиясы қысқаша баяндалады. Ол қыздар гимназиясының кітап қоры, материалдық жағынан жабдықталуы, қыздардың оқу үлгерімдеріне қатысты сұрақтарды талдайды. Тәуелсіз Қазақстан тарих-намасында С.А. Урашев [4], Айтмухамбетов А.А. [5] және тағы да басқазерттеулершілердің еңбектерінде Семей, Верный қыздар гимназиясының тарихы қарастырылған. Жалпы Ташкент қыздар гимназиясына арналған жеке зерттеу жұмысы жазылмағандығын атап өткен жөн.

Зерттеу нәтижесі. 1877 жылы Ресей империясында Халық Ағарту министрлігіне қараған гимназия-лар қатары 72, прогимназиялар саны 159 болатын [6, 1-6.]. Бірінші қазыналық Ташкент қыздар гимназия-сы 1876 жылы 1 қазанда прогимназия болып ашылып, Халық Ағарту министрлігіне бағынды. 1877 жылы 1 шілдеде прогимназия педагогикалық курсы бар гимназияға айналды. Гимназияны бітірген қыздарға үш түрлі дәрежедегі аттестат табысталды: 1) гимназияның толық курсы аяқтаған; 2) үй тәлімгері; 3) үй мұғалімі.

Гимназия 1870 жылы қабылданған «Халық Ағарту министрлігінің қыздар гимназиясы мен прогимназиясы туралы Ережеге», 1880 жылы наурыздағы «Түркістан өлкесіндегі Халық Ағарту министрлігіне бағынышты қыздар гимназиясы мен прогимназиясына арналған Ережеге» бағынды. Соңғы 46 параграфтан тұратын Ереже жобасын Түркістан генерал-губернаторы фон К.К. Кауфман бекіткен болатын. Ереже Түркістан өлкесінде ашылған барлық қыздар гимназиясына арналды.

1870 жылы 24 мамырдағы қыздар гимназиясына қатысты қабылданған Ережеге сәйкес барлық гимназиялар Халық Ағарту министрлігіне бағындырылып, Ресей императрицасының қамқорлығына өтті. Ережеде қыздар гимназиясына барлық сословиенен шыққандар мен барлық діни сенімдегілерді қабыл-дауға мүмкіндік беріледі деп көрсетілді. Қыздар гимназиясы, прогимназиясы оқу округінің попечителіне бағынды және оқу орны қоғамдық, жеке қайырымдылық қор есебінен ашылуы тиіс болды. Гимназияда оқу мерзімі жеті жыл болғанымен, егер де оқу орны қыздарды педагогтік қызметке дайындау мүмкіндігі болса, қосымша сегізінші сынып ашу құқы берілді [7, 4-6.].

Әрбір гимназияның өз Кеңесі құрылды: а) Қамқорлық (попечительный) Кеңесі гимназия мен прогимназияға қоғам тарапынан ықпал ете алатын топтан тұрды; б) Педагогикалық Кеңес құрамына гимназиядағы оқу-тәрбие жұмысын жүргізетін басшылық пен мұғалімдер кірді. Гимназия және

прогимназия директорын Қамқорлық Кеңес сайлап, кейін Халық Ағарту министрлігі бекітті. Қамқорлық Кеңесінің құқы мен міндеттері мынадай болды: а) қамқоршы мен бастықты таңдау; б) гимназияның материалдық жағдайын көтеруге қаражат көзін табу; в) гимназия мен прогимназияның жылдық шығындарының смета-сын шығару; г) бастықтың және қызметкерлердің жалақысын белгілеу; д) оқу орнындағы қаражаттың дұрыс жұмсалыуын қадағалау; е) оқу ақысын анықтау; ж) оқу ақысын төлемеген қыздарды оқудан шығару; з) жақсы оқитын және тәртібі үлгілі кедей отбасынан шыққан қыздарға жәрдем ақы беріп, қамқорлыққа алу; и) гимназия мен прогимназиядағы тәртіп ережелерін анықтау және тәртіпті бақылауға алу [7, 7-8 б.]. Қамқорлық Кеңес төрағасы үш жылға сайланды. Гимназия мен прогимназиядағы барлық тәрбие жұмысы директор пен қадағалаушының бақылауында болды [7, 5-б.].

Гимназия мен прогимназияның Қамқорлық Кеңес құрамына барлық таптан, қоғам өкілдерінен, жеке тұлғалардан үш жылға сайлану құқы берілді. Гимназияның материалдық қаражаты көтерген жағдайда директорға көмекші қадағалаушы (надзирательница) бекітілді. Оны гимназия бастығының ұсынысымен Оқу округінің попечителі (қамқоршысы) тағайындады. Гимназия бастығы, қадағалаушының үй тәлімгері куәлігі болса, прогимназияда және гимназияның үшінші сыныптарына дейін өз таңдауы бойынша бір пәнді жүргізу құқы беріледі - деп көрсетілді Ережеде [7, 5-б.].

Жоғарыдағы 1870 жылғы қыздар гимназиясына қатысты қабылданған Ереженің баптарына және оның Ташкент қыздар гимназиясына қатысты қолданыс аясына енген өзгерістері болды. Бірінші өзгеріс қаржыландыруға қатысты еді. Мысалы, 1870 жылғы Ережеге сәйкес, Ресейдегі Халық Ағарту министрлігіне бағынышты гимназияларды Қамқорлық (попечительный) Кеңесі қаржыландыруы тиіс болатын. 1883 жылы 28 мамырда қабылданған Ережеге сәйкес Ташкент қыздар гимназиясын қаржыландырды: а) Түркістан генерал-губернаторының бөлген қаражаты есебінен; б) ата-аналардың оқуға төлеген қаражаты-нан; в) қоғамдар мен жеке тұлғалардың қайырымдылыққа бергенақшасынан [8, 36-б.]. Мысалы, 1877 Түркістан генерал-губернаторлығы интендат сметасынан қыздар гимназиясына 23.725 рубль бөлген [9, 19-б.].

Гимназияның келесі бір қаржы көзі, ата-аналардың қыздарына төлеген оқу ақысы болатын. Бұл ақы үнемі өсіп отырды. Алғаш ашылған жылы оқу ақысы дайындық сыныбында 25 рубль, ал басқа сынып-тарда 40 рубль болды. 1880 жылы 28 тамызда гимназиядағы параллелді сыныптың ашылуына байланыс-ты, инспектор 40 рубль оқу ақысын 55 рубльге өсіруді сұрады [9, 304-б.]. Шәкірт қыздар оқу ақысынан бөлек, қосымша музыка, биге қатысса, жылына музыка сабағына 20 рубль, биге 10 рубль ақша төледі [10, 113-114-б.].

1905 жылы гимназиядағы қыздар санының көбеюіне байланысты оқу ақысы қайта өсті. Ғылыми ілімдер бойынша жоғары сыныптарда -75 рубль, төменгі сыныптарда - 60 рубль, қосымша ән-би сабақтары үшін-50 рубль төледі, егер де мұғалімдер ерлер гимназиясынан келсе оларға 75, 90, 100 рубльден төленуі тиіс болды. Әрине, мұндай қаражат төлеп оқытуды көп ата-аналардың қалтасы көтермейтін. Сондықтан да, жыл сайын гимназиядағы ата-анасынан айрылған, кедей отбасынан шыққан қыздардың оқу ақысына қатысты мәселе Педагогикалық Кеңес талқысына түсіп отырды. 1884 жылы 22 қыркүйекте Сырдария облысының мал дәрігері, кеңесші Смиронов қызы Еленаға, стат кеңесші Зундштермнің жесірі қызы Лидияға, артиллерияның штабс капитаны Еникевтің жесірі қызы Ғайшаға, отставкадағы прапорщик Евдокимов қызы Екатеринаға шәкіртақы тағайындау жөнінде өтініш білдірген [11, 1-б.].

Қыздар гимназиясындағы шәкіртақы тағайындау ұсынысын директор да Педагогикалық Кеңес тал-қысына салу құқы болды. Гимназия директоры штабс-капитан Галушкиннің жесіріне қызы Елизаветаға, поручик Капитолиннің жесіріне қызы Лининаға, прапорчик Суридің жесіріне қызы Еленаға, под-полковник Яковлевтің жесіріне қызы Александраға шәкіртақы тағайындау туралы өтініш білдірген [11, 1-б.].

1880 жылғы Ережеге сәйкес мынадай категориядағы ата-аналар гимназияға оқу ақысын төлеуден мүлдем босатылды: біріншіден; Түркістан өлкесінің оқу ведомствосында он жылдан қызмет жасаған шенеуліктер мен қызметкерлердің қыздары; екіншіден; Педагогикалық Кеңес шешімімен толық емес отбасынан шыққан қыздар. Бұл категорияға енген қыздар барлық шәкірттер санының 20% ғана құрауы тиіс болатын [12, 1507-б.].

Қыздар гимназиясының үшінші қаржы көзі, қоғамдар мен жеке тұлғалардың қайырымдылыққа бөлген қаражаты болды. 1885 жылы генерал-губернатор гимназиядағы оқуға - 870 рубль, қыздар пәтеріне-1920 рубль, округтің бас қолбасшысы - 1877 рубль, қыздар пәтерінің шығынына - 360 рубль бөлген [13, 174-б.]. 1895 жылы Ташкенттегі кедей шәкірттерді қолдау қоғамы қыздар гимназиясына - 595 рубль, Самарқанд қайырымдылық қоғамы-55 рубль, Ташкент көпестер қоғамы-110 рубль қаражат аударды [14, 291-б.]. Сонымен бірге Ташкент шәкірттеріне көмек қоғамы қыздар

гимназиясында оқитын 26 қызға - 737 рубль 50 тиын, ал 12 қыздың оқу құралы, аяқ-киімі және тағы да басқа қажеттері үшін 136 рубль, 28 тиын бөлген [15, 154-б.]

Оқу орнындағы қыздарға қайырымдылық көрсетуде гимназия мұғалімдері де белсенді болды. Мысалы, гимназиядағы емтихан қабылдаушыларына төленген заңды 67 рубль 50 тиынды, олар үш шәкірттің оқу ақысына аударған [14, 291-б.]

Гимназия шәкірттеріне қаржылай көмектен бөлек қайырымдылықтар ұйымдастыруда генерал губернатордың отбасы да белсенді болды. 1885 жылы 25 наурызда Түркістан генерал-губернаторы Н.О. Розенбах Ташкент ер, қыздар гимназиясының шәкірттеріне Шван театры труппасының балалар қойылымына 45 билет сатып алған. 26 наурызда генерал-губернатордың әйелі Ольга Розенбах ерлер, қыздар гимназиясының 9-15 жастағы шәкірттеріне арналған кеш өткізді. Балаларға кешкі ас ұйымдастырылып, соңы бимен аяқталды [16, 52-б.]

XIX ғасырдың екінші жартысы - XX ғасырдың бас кезеңінде Түркістан өлкесіндегі генерал-губернатор, әскери губернаторлардың қоғамдағы әлеуметтік белсенділігі өте жоғары болды. Олар өздері жасаған қайырымдылық әрекеттерінен бөлек, орта оқу орындарының шәкірттерін де қайырымдылық іске араластыру арқылы, қоғамдағы зайырлы істерге ерекше мән берді. 1880 жылы 28 қыркүйекте генерал-губернатор фон Кауфманның үйінде Ташкенттегі балалар үйіне қаржылай көмек көрсету мақсатында арнайы концерт өтті. Концерттің басты орындаушылары Ташкент қыздар гимназиясы, Ташкент мұғалім-дер семинариясының шәкірттері және осы оқу орындарының музыка, ән сабақтарының мұғалімдері болатын [17, 128-б.]

1893 жылы 26 желтоқсанда генерал-губернаторы барон Александр Борисович Вревский өз үйінде қайырымдылық базарын ұйымдастырды. Жиналғандар қатарында қаланың ақсүйектері, жергілікті әкім-шілік билік, Ташкент оқу орындарының шәкірттері және балалар хоры болды. Балалар хоры мен оркестр орыс халқының әндерінен поппури орындады. Осы концертте өнер көрсеткендердің бірі - Ташкент қыздар гимназиясының шәкірті сұлтан ротмистр Асфендияровтың қызы Үммі - Гүлсім болды. Ол Герстің «Rondo all cosacca» шығармасын асқан шеберлікпен орындап шығады. Газетке концерт туралы автор: -«Асфендиярованың орындау шеберлігі, білімі, жетістігі қолпаштауға тұрарлық, бұл қазақ халқының дарындылығының куәсі» - деп жазды [18, 7-б.]. Концертке қатысқан саяхатшы Свен Хедин, Бұхар әмірі-нің елшісі Шәдібек мырза да Асфендиярованың орындауындағы музыканы қызыға, рақаттана, таңдана отырып тыңдаған болатын [18, 7 б.]. Міне осылайша Әбілқайыр ханның ұрпағы, Санжар Жаппар ұлы Асфендияровтың әпкесі Үммі - Гүлсім жиналған қауымды өзінің өнерімен тәнті еткен еді.

Генерал-губернаторлардың осындай ұйымдастырған концерт, базарлары кешке келген қонақтардың жетім балаларға, оқу ақшасын төлей алмаған шәкірттердің оқу ақысын төлеуге және әр түрлі қайырым-дылық іс-шараларына жұмсалды.

1870 жылғы Ережеге сәйкес Қамқор Кеңес төрайымына қаладағы ықпалды ханым қамқоршы (попечитель) ретінде сайланып, гимназия, прогимназияның өміріне ықпал жасауы тиіс болды. Түркістан өлкесіндегі қыздар гимназиясының Қамқор Кеңесінің төрайымы-қамқоршы Түркістан генерал-губер-наторының, ал Верныйда Жетісу облысы әскери губернаторының әйелдері ұсынылып бекітілді. Ташкент қыздар гимназиясының алғашқы қамқоршысы (попечительница) фон Кауфманның жұбайы Юлия Мавриневна фон Кауфман, Ольга Ивановна Розенбах, кейін Лидия Ивановна Иванова және тағы да басқа әйелдер болды.Түркістан генерал-губернаторы әйелдерінің ішіндегі ең белсенділері Ольга Ивановна Розенбах, Устина Александровна Тевяшева еді.

Ережеге сәйкес Ташкент қыздар гимназиясын директор басқарды, оның көмекшісі бас қадағалаушы болды. Оларды Түркістан өлкесіндегі училищелердің бас инспекторының ұсынысымен, Халық Ағарту Министрі бекітті. Ташкент қыздар гимназиясының директоры Педагогикалық Кеңес төрағасы болды. Ол оқу орнындағы оқу мен пен тәртіпке басшылық жасады. Педагогикалық Кеңестің міндеттері мен құқық-тары мынадай болды. а) шәкірттерді оқуға қабылдау, сыныптан сыныпқа көшіру; б) курсты жақсы бітірген шәкірттерге аттестат беру, үй тәлімгері куәлігін беру; в) жақсы оқитын, тәртіпті шәкірттерге берілетін марапаттарды анықтау; г) мұғалімдер арасынан Кеңес хатшысы мен кітапханашысын белгілеу; д) кітапханадан кітап алу мен сақтау ережесін жасау; е) оқу ісі бойынша жылдық есепті қарау; ж) шәкірттерді жазалау ережелері; е)әрбір мұғалімнің беретін тапсырмаларының көлемін анықтау [8, 9-б.]

Қыздар гимназиясы және прогимназиясының мұғалімдерін Педагогикалық Кеңес төрағасы келісімі-мен ер балалар гимназиясы, прогимназия және уездік училище мұғалімдері арасынан, ал мұғалімалар үй тәлімгері немесе мұғалімдері арасынан таңдалады. Оларды оқу округінің попечителі бекітуі тиіс болды [8, 9-б.]. Құдай Заңы пәнінің мұғалімін, басқа мұғалімдер мен мұғалімаларды, сынып қадағалаушыларын, дәрігерді Түркістан генерал-губернатор бекітті. Сонымен бірге Құдай Заңы

пәнінің мұғалімі жергілікті Епархиялық басшылық келісімімен ғана тағайындалды [12,1506-б.]. Бас қадағалаушы ханым қыздардың денсаулығына, қауіпсіздігіне, адамгершілік тәрбиесіне, әдебіне бақылау жасап қадағалауы тиіс болды. Сынып қадағалаушылары мен бас қадағалаушы ханымның дәрежелері үй тәлімгері дәрежесінде сақтал-ды. 1870 жылғы Ережеге сәйкес, Ресей империясында гимназияның төрт сыныбында үй тәлімгері мен үй мұғалімі дәрежесіндегілер, ал шет тілдерін үй мұғалімдері дәрежесіндегілер, қалған пәндерді қалалық училище мұғалімі дәрежесіндегілердің жүргізу құқы болатын [12,1506-б.]. Ташкент қыздар гимназиясында бұл баптарға қатысты да өзгертулер енді. Өлкедегі орта оқу орындарына мұғалімдердің жетіс-пеуіне байланысты, 1881 жылғы Ережеге сәйкес 1882 жылдан бастап үй тәлімгері, үй мұғалімі дәреже-сіндегі мұғалімдерге Ташкент, Верный қыздар гимназиясында жоғары сыныптарда сабақ жүргізу құқы берілді, бірақ сынақ қабылдағанда міндетті түрде ерлер гимназиясының мұғалімдері қатысуы тиіс болатын [12, 471-472-бб.].

Гимназиядағы оқу, тәрбие, шаруашылыққа қатысты мәселелер Педагогикалық Кеңесте талқыланып шешілді. Педагогикалық Кеңес төрағасы директор, ал оның құрамына бас қадағалаушы ханым, барлық мұғалімдер мен мұғалімалар кірді. Тәрбие мен гигиена мәселесіне қатысты сұрақтарды шешу үшін Педагогикалық Кеңес мәжілісіне сынып қадағалаушылары мен дәрігер шақырылды [12,1506-б.]. Дирек-тордың қызметтік құқы Халық Ағарту министрлігіне бағынышты барлық ерлер гимназиясымен тең бол-ды. Гимназиядағы сынып мұғалімдерінің құқы ерлер гимназиясы мұғалімдерінің құқымен, ал үй мұғалім-дері дәрежесіндегілердің құқы қалалық училище мұғалімдерінің құқымен теңестірілді [12,1507-б.]. Сыныптарда сабақ жүргізетін және тәрбие ісімен айналысатын үй тәлімгері мен мұғалімалар Қызметтік Ереженің 255 бабындағы жеңілдіктер мен Зейнатақы Ережесіндегі 261 бабқа сәйкес қосымша мүмкін-діктерді пайдалану құқы болды [12,1507-б.].

Қыздар гимназиясы директорының алғашқы міндетін Санкт-Петербург университетінің физика-математика факультетінің түлегі Константин Иванович Грацианский, кейін Василий Федорович Ошанин, Михаил Петрович Дьяконов атқарды. Мәскеу университетінің жаратылыстану факультетінің түлегі В.Ф. Ошанин Қаратегін, Бадахшан, Сельсудың мұздықтарын зерттеп, өмірінің отыз жылын Орта Азияға, ал жиырма жылын 1887 жылдан-1906 жылға дейінгі кезенді қыздар гимназиясын басқаруға арнаған еді.

Гимназияның алғашқы бас қадағалаушы міндетін С-Петербург Николаевск жетімдер институтының түлегі сурет пәнінің мұғалімі Надежда Федоровна Бардовская, кейін Евдокия Ивановна Сумерокова атқарды. Құдай заңы сабағын шіркеу қызметкері Калуга діни семинариясының түлегі Василий Гаврилович Покровский, Е.Ширяев, 1880 жылдан кейін шіркеу қызметкері Александр Николаевич Екатеринбургский, Г.Я. Брицкий жүргізді. Физика мен математика пәнін С-Петербург университетінің физика-математика пәнінің түлегі В.И. Лукин, И.М. Травчетов, В.В. Городецкий, тарих пен географияны А.И. Левитский, П.А. Прилежаев, А.В. Шельтинг А.В. Панков, орыс тілін Н.П.Знаменский, В.Ф. Преображенский, Г.А.Кислицин, П.О.Девин, француз тілін Э.И. Мюллер, княжна О.Н. Мещерская, С.А. Пятницкая, Ж.Гюард неміс тілін А.Н. Вышнегорский, А.Сидорская, Р.А. Пфених, Э.Э. Топорина, А.Д.Эрмь, М.Ф.Мазин, сурет пен көркем жазуды И.А.Титов, М.К.Смирнов, әнді А.И. Неудачин, Мәскеу Екатеринбург институтының түлегі П.И. Крюкова, музыканы О.Скасси, А.Ф. Дулова, О.П. Афанасьева, В.В. Лейсек, О.П. Афанасьева, би мен гимнастиканы - В.Васильева, А.Ф. Артамонова, Л.Ф. Добрынин жүргізді. Алғашқы гимназия дәрігерінің қызметін Дерпт университетінің медицина факультетінің түлегі К.Ф. Иогансон атқарды. Е.И. Сумеркова, Э.Розенберг, Е.Колокольцева, Н.Завиходско-Ляцкая, А.Г. Заинчиковская, А.Муравьева, Э.Р. Пфених, Н.Ф. Бордовская сынып қадағалаушылары болды.

Гимназия мұғалімдері, сынып қадағалаушылары қызметіне жергілікті оқу орындарынан және Орынбор, Батыс Сібір оқу округтерінен де арнайы шақырылды. 1879 жылы Орынбор қыздар гимназия-сының тарих және география пәнінің мұғалімі Эмилия Розенберг Ташкент қыздар гимназиясына қадаға-лаушы [19, 6-б.], ал Смоленск институтының курсы бітірген Эшь гимназияға штаттан тыс қадағалаушы ретінде қабылданды [20, 149-б.]. 1893 жылы Ташкент қыздар гимназиясында 9 ер мұғалім, 17 әйел мұғалім қызмет жасады [21, 13-б.]. Гимназиядағы штаттағы мұғалімдер қатарында әйел адамдардың саны басымырақ болды.

Гимназия мұғалімдерінің әлеуметтік мәртебесін көтеру мақсатында Мемлекет тарпынан және Романовтар үйі әулетінің атынан оқу орнының басшылығы, оқытушыларды адал еңбегі үшін марапаттап және шендерін көтеріп отырды. 1894 жылы қыздар гимназиясының директоры В.Ф. Ошанин Қасиетті Анна орденінің екінші дәрежесімен, 1906 жылы Қасиетті Владимирдің үшінші дәрежесіндегі орденімен марапатталды [22, 71-б.]. 1894 жылы 24 қаңтарда Ұлы княгиня Мария

Павловна гимназияның қадағалау-шысы Евдокия Сумеркованы адал қызметі үшін бриллиант және розамен бедерленген алтын білезікпен марапаттаған [23, 16-б.]

Ташкент қыздар гимназиясының штат құрамы мен олардың жалақылары мынадай болды. Директор V шенде, жалақысы - 2000 рубль. Гимназияның бас қадағалаушысы V шенде, жалақысы - 900 рубль. Құдай Заңы пәнінің мұғалімі V шенде, жалақысы - 900 рубль. Орыс тілінен штаттағы екі мұғалім, математика, жаратылыстану, физикадан - екі мұғалім - V шенде, барлығының жалақысы - 5430 рубль. Штаттағы француз тілінің екі мұғаліміне - 1740 рубль, неміс тілінің екі мұғаліміне - 1740 рубль, сурет, сызу, көркем жазу пәнінен штаттағы бір мұғаліміне - 1000 рубль, музыка мен ән сабағының штаттағы екі екі мұғаліміне - 300 рубль, би мен гимнастикадан штаттағы бір мұғалімге - 450 рубль, қол еңбегі пәнінің штаттағы бір мұғаліміне - 450 рубль, штаттағы VIII шендегі жеті сынып қадағалаушыларының әрқайсысына - 450 рубль жалақы белгіленді. Дәрігер VIII шенде, жалақысы 450 рубль, X шендегі хатшы-есепшіге 600 рубль жалақы берілді [12, 1508-б.]. Ресейдің ішкі аймақтарындағы гимназияларда ең жоғарғы V шен директорға ғана берілсе, Ташкент қыздар гимназиясында бұл шен бас қадағалаушы, Құдай заңы пәнінің мұғалімі, пән мұғалімдеріне де берілетін. Гимназия мұғалімдері мемлекеттік қызметте болғандықтан қазыналық оқу орындарының міндеттерін атқаруы тиіс болды.

1876 жылы гимназия ашылған жылы жеке өз ғимараты болмағандықтан, оқу орны жалдамалы үйлерге орналасты, 1879 жылы қазына қаржысына үш ғимарат салынды. Ғимараттар Ташкент қаласының орыс тұрғындары тұратын бөлігіндегі Константиновск алаңында ашылды. Мереке салтанатты өтті, оған уақытша Түркістан генерал-губернаторының міндетін атқарған Колпаковский, Сырдария облысының әскери губернаторы Троицкий, жергілікті қала әкімшілігінің басшылары, гимназия шәкірттері қатысқан болатын. Гимназия ғимаратын салған К.М. Максимович жиналғандарды таңға асқа шақырды деген ақпарат берілді мерзімдік басылым беттерінде [24, 128-б.]

1876-1877 оқу жылында қыздарға арналған пәтер ашылды. Пәтерге Түркістан генерал-губернаторының жарлығымен жергілікті жердегі земстволық салық есебінен 1200 рубль субсидия бөлінді [2, 31-б.]. 1877 жылы пәтерде 23 қыз тұрды [2, 32-б.]. Олардың оқу-тәрбие ісін қадағалау сынып қадағалаушылары Пфених пен Щербаканың бақылауында болды. 1888 жылы пәтер гимназия ғимаратына көшіріліп, оқу орнының бақылауына өтеді. [1, 226-б.]. 1895 жылы пәтердегі қыздар саны 35-ке жетті. Олардың 23-і генерал-губернатор бөлген қаражат есебінен, 1 қыз генерал-лейтенант Абрамов атындағы шәкіртақының пайыздық көрсеткішінен, 10 қыз ата-аналарының қаражатына, 1 тұлдыр жетім қыз тегін экономикалық пансионер ретінде тұрды [14, 290-б.]. Деректер пәтердегі қыздардың негізгі бөлігінің жергілікті әкімшілік бөлген қаражаты есебінен тұрғандығын айғақтайды. 1906 жылы гимназияда оқитын қыздардың көбеюі-мен оқу ғимараттарының тарылуына байланысты, қыздар жеке пәтерге көшірілді. 1907 жылы қыздардың пәтерге төлейтін қаржысының болмауына байланысты пәтер мүлдем жабылды [1, 226-б.].

Гимназияда діни тәрбиеге ерекше көңіл бөлінді. Ташкенттегі барлық оқу орындарының шәкірттеріне қойылған талаптың бірі, жексенбі, мейрам күндері қаладағы Иосиф пен Георги ғибадатханасында құлшылық ету болатын. Орталық ғибадатханадағы құлшылыққа келетін адамдардың көп болуына байланысты, 1885 жылы қыздар гимназиясының өз шіркеуі ашылды. Шіркеу іші қайырымдылыққа бөлінген қаражат есебінен жабдықталды [25, 191-б.].

Зерттеуші Бендриков Ташкент қыздар гимназиясы кітапханасының кітаппен жабдықталуы басқа оқу орындарымен салыстырғанда қанағаттанғысыз болды деп көрсетеді. Жалпы автордың бұл пікірімен келіспеуге де болады. 1895 жылы Ташкент қыздар гимназиясының кітапханасында 4009 атаумен 9202 том кітап, физикадан - 214, жаратылыстану тарихынан - 34, басқа пәндерден 1546 оқу құралдары болған [15, 168-169 бб.].

Ташкент қыздар гимназиясына қабылдау Ережесіне сәйкес дайындық сыныбына 8-11 жас, бірінші сыныпқа 9-12 жас, екінші сыныпқа 10-13 жас, үшінші сыныпқа 11-14 жас, төртінші сыныпқа 12-15 жас аралығындағы қыздар қабылданатын. Дайындық сыныбына орыс тілі мен арифметикадан, бірінші сыныпқа Құдай Заңы, орыс тілі, арифметика, екінші, үшінші сыныпқа Құдай заңы, орыс тілі, математика, география, неміс, француз тілдері, төртінші сыныпқа қосымша тарихтан, бесінші сыныпқа түсушілер қосымша жаратылыстанудан тапсырды [26, 113-114 бб.].

Прогимназия болып ашылған 1876-1877 оқу жылында оқу орнына 77 қыз құжат өткізді, 30 қыз дайындық сыныбына, 30 қыз бірінші сыныпқа, 9 қыз екінші сыныпқа, 8 қыз үшінші сыныпқа тапсырғанымен, түскені - 73 қыз. 1877-1878 оқу жылында дайындық сыныбына 20 қыз, бірінші сыныпқа 19 қыз, екінші сыныпқа 4 қыз, үшінші сыныпқа 5 қыз тапсырса, 4 қыз емтихан сынағынан өтпей қалған. Жыл сайын гимназиядағы оқитын қыздар саны өсіп отырды. 1885 жылы қыздар гимназиясында оқитын 295 қыздардың ішінде дайындық сыныбында - 50, бірінші сыныпта - 56, екінші сыныпта - 43,

үшінші сыныпта-51, төртінші сыныпта - 38, бесінші сыныпта - 20, алтыншы сыныпта - 25, жетінші сыныпта 12 қыз оқыды, курсы жоғарылаған сайын қыздар саны кеміп отырды. 1877-1885 жылдар аралығында гимназияда 2278 қыз оқыса, оның 223 оқудан шығып кеткен [27,170-б.]. Гимназияда оқитын қыздар саны көп болғанымен, оқудан шығып кетушілер саны да аз болмады. 1878 жылы - 12 қыз, 1879 жылы - 20 қыз, 1880 жылы - 22 қыз, 1881 жылы - 15 қыз, 1882 жылы - 18 қыз, 1883 жылы - 23 қыз, 1884 жылы - 49 қыз, 1885 жылы - 64 қыз оқудан шығарылды. 1878-1885 жылдар аралығында 223 оқудан шығарылған болатын [27,170-б.].

Статистикалық деректер гимназиядағы оқитын қыздардың басым бөлігі орыс ұлтынан және христиан дініндегі, дворян отбасынан болғандығын көрсетеді. 1878 жылы гимназияда оқыған 108 қыздың, 96-сы православ, 2-уі рим-католик, 2-уі лютеран, 5-уі мұсылман, 3-уі йудей дінінде болатын. Мұсылман қыздарының 4 татар, 1 сарт болды деп көрсетіледі-архив деректерінде [28,120-б.].

1885 жылы Ташкент қыздар гимназиясында 293 қыздың, 282 христиан, 6 мұсылман, 5 йудей дінінен еді [29, 339-б.]. 1893 жылы гимназиядағы білім алушы қыздардың саны - 374 жетті, оның 344 - православ, 17 - рим-католик, 4 - лютеран, 6 - мұсылман, 13 - иудейлік болды [3, 128-б.]. 1904 жылы гимназияда - 564, 1909 жылы - 690 қыз оқыды. Гимназиядағы оқитын қыздар санының өсуінің негізгі себептері: біріншіден Халық Ағарту министрлігіне бағынышты Верный, Самарқанд гимназиялары сұра-ныс талабына сай болмады. Екіншіден, аймақтағы қоныстанушылар санының өсуі, Орынбор-Ташкент темір жолының салынғаннан кейін аймақтағы христиан дініндегі орыс халқының санының қайта көбеюі. Үшіншіден, Ташкенттегі екінші қыздар гимназиясының ашылуы қаражат көзінің болмауынан жыл сайын кейінге қалдырылды.

Гимназия алғаш ашылған кезде дворян отбасынан шыққандар саны басым болды. 1878 жылы гимназиядағы 108 қыздың әлеуметтік құрамы бойынша: 88-дворян, шенеулік, 3 діни, 17 қаладағы көпес, мешан, төменгі әскери шенділер отбасынан еді. 1904 жылғы Халық Ағарту Министрлігінің есебі бойынша әлеуметтік құрамы бойынша дворян, шенеуліктер-59, 8%, дін өкілдері-2,9 % , қала сословиесі-27,8%, село сословиесі отбасынан-9,2 % көрсеткішке жетті [3, 120-б.]. Оқу орнындағы қыздардың әлеуметтік тегін талдай келе дворян, шенеуліктер отбасынан шыққандардың және христиан дініндегілердің пайыз-дық көрсеткіші басым болғанын көреміз. 1912 жылы Ташкенттегі екінші қыздар гимназиясы ашылған соң, қыздар саны кеми бастады.

Гимназиядағы қыздар санының көбеюі сынып бөлмелерінің жетіспеуіне, оқу сапасына, шәкірттердің денсаулықтарына кері әсерін тигізді. 1890 жылы қыздар гимназиясында жұқпалы скарлатинамен 9 қыз ауырса, 1 қыз қайтыс болған, 5 қыз іш сүзегімен, 3 қыз дифтериямен ауырып, оның 1-уі қайтыс болған [31, 192-б.]. 1894 жылы гимназиядағы қыздар көз ауруы, өкпе, тыныс алу жолдары, асқазан, ішек ауруларымен ауырған. Қыздарға гимназия дәрігері кеңес беріп, ал материалдық жағдайы төмендерге дәрігер рецептімен дәріханадан тегін дәрі алуға рұқсат берілген [14, 290-б.].

Қыздар гимназиясы және прогимназиясындағы оқытылатын пәндер міндетті, міндетті емес деп бөлінді. Міндетті пәндер Құдай Заңы, орыс тілі (грамматика), арифметика, жалпы география мен орыс географиясы, жалпы тарих пен орыс тарихы, жаратылыстану, физика, үй шаруасы мен гигиена, көркем жазу, қол өнері, гимнастика болды. Міндетті емес пәндер педагогика, француз, неміс тілі, сурет, музыка, ән мен би еді [8, 11-б.]. Бұл пәндердің оқытылуына шәкірттер оқу ақысынан бөлек ақша төледі, оның нақты көлемін Қамқорлық Кеңесі шешті [8, 11-б.]. Ән, би сабақтары қыздардың бос уақыт кездерінде өткізілді және сабақтар аптасына екі рет бір сағаттан өтті [1, 24-б.]. Гимнастика сабағы аптасына 4 рет, жарты сағаттан жүрді. 1895 жылы 10 қарашадан кейін қыздар гимназиясында латын тілі оқытылатын болды. Аптасына үш рет өтетін сабаққа қыздар гимназиясының шәкірттері және бұрын бітірген шәкірттер мен басқа да оқу орындарының қыздарына оқуға рұқсат берілді [32,340-б.].

Гимназия сынақтарына, бітірушілердің емтихандарына және күнделікті сабақтардың жүргізілу барысы генерал-губернатор, облыс губернаторы, оқу округі басшылығының тарапынан қатаң бақылауда болды. 1885 жылы Түркістан генерал-губернаторы Розенбах Николай Оттанович, гимназия директоры бесінші сыныптың жаратылыстану, қол еңбегі сабақтарына қатысып, әрбір шәкірттің жұмысымен танысады. Ол алтыншы сыныптың алгебра, үшінші сыныптың сурет, екінші сыныптың Құдай заңы, жетінші сыныптың география сабақтарына қатысып, гимназияның жалпы жағдайына көңілі толған генерал-губернатор, директорға шәкірттердің білім деңгейінің жақсарғандығын айтқан [33,179-б.].

1880 жылы қабылданған Ережеге сәйкес гимназияның өз ішкі тәртібі болды. Қыздардың гимназиядағы, оқу орнынан тыс жерлердегі әрекеттері де қатаң бақылауда болды және рухани-адамгершілік қасиеттерге, моралдық қағидаттарға, діни тәрбиеге ерекше мән берілді. Олар сабақ басталғанға дейін

гимназия залына жиналып, таңертеңгілік дұға және Евангелиядан үзінділер оқуы тиіс болды. Демалыс күндері, мейрамдарда және осы күндердің әрбір кештерінде ғибадат орындарына баруға міндеттелді [3, 138-б.].

Сабақ болған күндері театрларға баруға тиым салынды. V, VI, VII сыныптың қыздарына мейрам күн-дері театрға баруға рұқсат берілгенімен, бірақ олар оқу орны басшылығының рұқсатын алуы тиіс болды. Ереженің 38 бабына сәйкес гимназия қыздарына маскарад, клуб, трактир, кофехана, кондитерлік орын-дарға, жалпы көпшілік жерлерге, ойын сауық орындарына баруға тиым салынды [3, 138-б.]. Ереженің 22 бабына сәйкес қыздар оқу орны басшыларына, сынып ханымдарына, мұғалімдерге, тәрбие және оқу ісі жөніндегі жауаптыларға да бағынуы тиіс болды [3, 139-б.]. Гимназияның тәртібіне бағынбағандар жазаланды

Ресей империясындағы гимназиялар тарихында шәкірттерді өлкенің, басқа аймақтардың тарихымен таныстыру мақсатында ұйымдастырылатын экскурсияларға ерекше мән берілді. «Туркестанские Ведомости» мерзімдік басылымында осындай сапар туралы мынадай мәліметтер беріледі: «Қыздарға Самарқандтағы тарихи орындарға баруды ата-аналар комитетінің бір мүшесі көтерді. Сапарға шығуға 34 қыз, 3 мұғалім, 3 сынып қадағалаушысы келісім берді. Экскурсияға шығатын қыздарға 45 орынға лайық-талған пульмандық вагонға билет алынды. 24 сәуір күні қыздар Ташкент-Самарқанд бағытында жүрді. Самарқандқа келген қыздардың алғашқы тоқтаған жері қаладағы қыздар гимназиясының ғимараты болатын. Олар Әмір Темір, Шахи-Зинда, Данияр мавзолейлерін, Регистан алаңын, Биби-ханум мешітін көреді. Қыздарды Самарқанд облысының әскери губернаторы қонаққа шақырып, өз бағын аралатып, таңғы ас ұйымдастырады» [34,128-129 б.]. Бұл сапар шәкірттердің Самарқанд тарихымен танысуына және қаладағы қыздар гимназияның шәкірттерімен де араласуына мүмкіндіктер берді.

1870 жылғы Ережеге сәйкес қыздар гимназиясының шәкірттері курсты өте жақсыға аяқтаса кітап, алтын, күміс медальдармен марапатталды. Әр сыныптағы бітірушілерге медаль тапсыруда шектеулер қойылды, екі алтын, үш күміс медальдан аспауы қажет болатын [7, 44-б.]. Гимназияны бітірген шәкірттер арнайы курс өтсе ғана, қосымша үй тәлімгері дәрежесі берілді [1, 16-б.]. Медаль алмаған түлектер жалпы курс аттестатын алды, егер де олар арнайы қосымша сыныпты бітірсе үй мұғалимасы дәрежесі берілді [8, 16-б.]. Гимназияның жеті сыныбын бітірген қыздар ерекше сынақ емтихандарын тапсырмай-ақ, үлгерімдері жақсы болған пәндері бойынша үй мұғалімі дәрежесіндегі аттестат алды. Медальмен бітірген шәкірттер емтихан сынағын тапсырмай-ақ үй тәлімгері дәрежесін алды [8,16-б.].

Ұлты еврей қыздарына гимназияның толық курсын аяқтаған соң, үй тәлімгері, үй мұғалімі дәрежесі берілгенімен, бірақ оларға өз дініндегі шәкірттерге ғана сабақ беруге ғана рұқсат берілді [8, 16-б.]. Өз дініндегілерге сабақ беру талабы мұсылман қыздарына да қойылды. Медаль алмаған, бірақ гимназияның жалпы курсын толық аяқтаған қыздарға халықтық училище, бастауыш оқу орнының мұғалимасы дәрежесі ғана берілді. Прогимназияның толық курсын бітірген және аттестаты мақұлданған, немесе гимназияның төменгі үш сыныбын бітірген қыздар да халықтық училищелерде сабақ беру құқы болды. Олар 16 жасқа толған соң жарты жылдай міндетті түрде бастауыш училище мұғалімінің немесе мұғалимасының көмекшісі қызметін атқаруға тиіс болатын [8, 16-б.].

1894 жылы оқу жылының мәліметтеріне сүйенсек, гимназияда оқитын 345 қыз емтихан тапсырса, оның 280 жоғары сыныптарға өтіп, 22 шәкірт гимназияның жетінші сыныбын бітірді деген куәлік алып, 65 шәкірт оқу үлгерімдерінің төмен болуына байланысты өз сыныбында екінші жыл қайта оқуға қалдырылған. Жалпы оқу үлгерімі 81 % .

1-кесте. 1894 жылғы Ташкент қыздар гимназиясының оқу үлгерімі

	Келесі сыныпқа Көшірілгені	1-ші дәрежелі дипломмен марапатталғаны	2-ші дәрежелі дипломмен марапатталғаны	3-ші дәрежелі дипломмен марапатталғаны	Екінші жылға орнында қалдырылғаны
Дайындық сыныбы	27				2
1 сынып	44	6	2	6	7
2 сынып	57	1	1	13	17
3 сынып	42	2	1	11	17
4 сынып	39	4	-	5	7
5 сынып	33	3	1	6	6
6 сынып	14	4	1	4	1

7 сынып	22 (бітіргені)				
		20	6	45	65

Жоғарыдағы кестеге сүйенсек, дайындық сыныбынан бірінші сыныпқа көшкен 27 қыз, шәкірттер арасындағы жақсы үлгерімі үшін Суторохина Екатерина сыйлыққа ие болса, екі шәкірт орнында қалдырылған. Бірінші сыныптан екінші сыныпқа 44 шәкірт өтсе, олардың арасындағы бірінші дәрежелі марапатқа - 6 қыз, екінші дәрежелі марапатқа 2 қыз, үшінші дәрежелі марапатқа - 6 қыз ие болса, 7 қыз орнында қалдырылған. Екінші сыныптан үшінші сыныпқа 57 қыз көшірілді. Оның ішінде 1 қыз бірінші дәрежелі, 1 қыз екінші дәрежелі, 13 қыз үшінші дәрежелі марапатқа ие болса, 17 қыз орнында қалдырылған. Үшінші сыныптан төртінші сыныпқа 42 қыз көшірілді. Бірінші дәрежелі дипломмен 2 қыз, екінші дәрежелі дипломмен 1 қыз, үшінші дәрежелі дипломмен 11 қыз марапатталып, 17 қыз орнында қалдырылған.

Үшінші сыныптан төртінші сыныпқа өткендердің қатарындағы үшінші дәрежелі дипломмен марапатталған мұсылман қыздары Асфендиярова Үммі-Гулсим мен Абдрахманова Биби-Зейнаб болды [14, 291-б.]. Қазіргі таңда Абдрахманова Биби-Зайнабтың ұлтына қатысты әр түрлі пікірлер айтылып жүр. Белгілі тарихшы Алмас Жүнісбай Биби Зейнаб Абдрахманованы ұлты татар, подполковник Садық Абдрахмановтың қызы деп жазады.

Гимназияның жетінші сыныбын бітірген 22 қызға, бітіру сынақ емтихандарын тапсырған соң, гимназияның толық сыныбын аяқтады деген аттестат табысталды. Бітірушілер арасындағы Поплавская Виктория, Филькенштейн Татьяна үй тәлімгері дәрежесі және алтын медалмен, ал Курдиновская Ольга, Цурикова Наталия, Остроумова Надежда күміс медальмен марапатталды. Гимназияны бітіруші Альбрейх Мария, Бажина Зинаида, Барковская Мария, Добошинская Александра, Дьякова Ольга, Иванова Лидия, Краснослодовская Вера, Лахтина Мария, Лукшевич Мария, Мейер Райса, Милованова Александра, Мирес Мария, Ортенберг Татьяна үй мұғалімі дәрежесімен, ал Козьмина Анна, Склепова Лидия, Седова Людмила, Тутина София гимназияның курсын толық аяқтады деген аттестат қана алды [14, 291-б.].

Қыздар гимназиясында педагогика, тәрбие мәселесі жиі талқыланатын тақырыптардың бірі болды. Гимназияда педагогикалық үйірме, педагогикалық оқулар мен педагогикалық курстар ұйымдастырылды. Педагогикалық курстарда тәрбие, пәндерді оқытудың әдістері, қыздар гимназиясының мұғалімдері мен мұғалималарының басшылығымен Халық Ағарту министрлігі бекіткен Ережеге сәйкес практикалық сабақтар жүргізілді [8, 11-б.]. Гимназия мұғалімдері ұдайы педагогикалық оқулар жүргізді. Мұндай оқуларға шәкірттердің ата-аналары, туыстары қатыстырылатын. Француз тілінің мұғалімі Н.П. Немар «Мектептің отбасынан қандай құқықтық көмек алу құқы бар?» деген тақырыпта лекция оқыған. Лекция туралы арнайы мақала жазған автор гимназиядағы кемшіліктерді былай көрсетеді. «Біріншіден, гимназиядағы кейбір қыздардың клубтарға барып, түнгі 12-ге дейін отыруына тиым салуына байланысты ата-аналар қарсы шыққан. Екіншіден, қыздарының оқуына қаражаты болмаған ата-аналар әр түрлі қайырымдылық қорлары қыздарын оқуға кіргізгенімен, кейін міндетті, міндетті емес пәндердің барлығын да оқытуды талап ете бастаған [35,139 б.]. Жалпы ата-аналар қыздар гимназиясының өміріне өте белсенді араласты. XX ғасырдың бас кезеңінде олардың белсенділігі күшейе түсті.

1905-1906 жылғы Ресейдегі революция жылдарында қоғамдағы белсенділіктің өсуімен бірге оқу орындары мен отбасы арасындағы қарым-қатынас күшейді. 1905 жылы 13 қарашада Министрлер Кеңесінің шешіміне байланысты орта оқу орындарында ата-аналар комитеті құрылды. Әрине, бұл үдеріс шеткері жатқан аймақтағы оқу орындарына да тарады. 1905, 1907 жылғы Халық Ағарту Министрлігінің нұсқаулықтарына сәйкес құрылған ата-аналар комитетінің негізгі мақсаты қоғам тарапынан оқу орын-дарындағы оқу-тәрбие ісін қадағалауға бағытталды. 1906 жылы Ташкент қыздар гимназиясында құрылған ата-аналар комитеті қыздардың мәселесіне қатысты әр түрлі мәселелерге араласа бастады. 1906 жылы 5 ақпандағы Шешімге байланысты гимназияның Кеңес отырысына ата-аналар комитетінің мүшелері де қатысатын болды. Олар шәкірттердің оқу материалын игере алмауы, қыздардың үлгерімінің төмен болуы, кітапханадағы наразылықтар мен шәкірттерге берілетін тапсырмалардың тақырыптарын талдауға да қатысты [36,130-б.]. Егер бұрын ата-аналар қыздардың гимназиядан тыс тәртібіне қатысты әрекеттеріне араласса, енді оқу ісіне де араласатын болды.

Қорытынды. Ташкент қыздар гимназиясы Халық Ағарту Министрлігіне бағынған орта оқу орындарының бірі болды. Гимназия үй мұғалимасы, үй тәлімгері, халықтық училище, бастауыш училище мұғалималарын даярлады және шәкірттердің басқа бағыттағы мамандықтар бойынша жоғары оқу орын-дарында өз білімдерін жалғастыруға мүмкіндік берді. Гимназияның мұғалімдер семинариясынан ерекше-лігі, мұғалімдерді кәсіби тұрғыдан дайындамады, өйткені педагогика, дидактика пәндері

міндетті емес пәндер қатарында болды. Қыздарға мұғалима болу міндеттілігі қатаң түрде қойылмады. Қыздар гимназиясының оқу бағдарламасы жан жақты білім беруге және діни-адамгершілік, патриоттық тәрбие беруге бағытталды. Гимназиядағы оқу-тәрбие үрдісі әр түрлі дәрежедегі әкімшілік биліктің бақылауында және ықпалында болды.

Ресей империясында мемлекет негізінен ер балалардың оқу орындарын қаржыландыруға көбірек көңіл бөлсе, керісінше қыз балалардың оқу орындары аймақтағы әкімшілік, әр түрлі қайырымдылық қорлар, ата-аналардың оқу ақысын төлеген ақшасынан қаржыландырды.

Ташкент қыздар гимназиясында оқитын шәкірттердің негізгі бөлігі орыс ұлтының және христиан діні ұстанымындағы шәкірттер болды. Орыс қыздары Ташкент қаласындағы әр түрлі әкімшілік сатысында қызмет жасайтын дворян, діни, әскери шенділердің отбасынан шыққандар еді. Гимназияға түскен мұсылман қыздары қаладағы әскери шенділер, көпес отбасынан болды. Үммі-Гүлсім Асфендированың әкесі Сейітжаппар Асфендияров Түркістан генерал-губернаторлығының кеңсесінде ротмистр шенінде қызмет жасады. Сондықтан да гимназияда оқыған мұсылман қыздары негізінен қала қыздары болатын.

Қыздар гимназиясының түлектеріне ұлтына, дініне қатысты шектеулер қойылды. Олардың орыс қыздарына, христиан дініндегілерге сабақ беруіне рұқсат берілмеді, өзінің ұстанған дініндегі қыздарға ғана сабақ беру құқы болды. Бұл шектеулер мұсылман, иудаизм, рим-каталик дініндегі қыздардың мұғалима болып жұмыс жасауында да көп кедергілер туғызып отырды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Добросмыслов А.И. *Ташкент в прошлом и настоящем: Исторический очерк.* – Ташкент, 912. – 520 с.
2. Остроумов Н.П. *Константин Петрович фон-Кауфман – устроитель Туркестанского края: личные воспоминания Н. Остроумова (1877-1881 гг.) / Н. Остроумов.* – Ташкент: Типо-лит. Ф. и Г. бр. Каминских, 1899. – 286 с.
3. Бендриков К.Е. *Очерки по истории народного образования в Туркестане (1865-1924 годы).* – М.: издательство Академии педагогических наук РСФСР, 1960. – 257 с.
4. Урашев С.А. *Верный на рубеже XIX и XX веков (Исторические очерки).* – Алматы, 2006. – 274 с.
5. Айтмухамбетов А.А. *Народное образование и формирование казахской интеллигенции северо-западного Казахстана во второй половине XIX - начале XX вв. : автореферат дис. ... кандидата исторических наук : 07.00.02 / Костанайский гос. ун-т им. А. Байтурсынова.* – Омск, 2000. – 30 с.
6. Извлечение из *Всеподданнейшего отчета г. Министра Народного Просвещения за 1877 год. Женские гимназии и прогимназии // Журнал Министерства Народного просвещения. Часть ССVII.* – Санкт-Петербург. Типография С.Балашева. -1879.
7. *Женские гимназии и прогимназии Министерства Народного Просвещения. 1858-1905. Издание Департамента Народного Просвещения. С-Петербург. -Типография М.М.Стасюлевича.* – 1905. – 138 с.
8. *Сборник правил и программ для женских гимназии и прогимназии ведомства Министерства Народного Прсвещения. С приложением министерских распоряжений и постановлений по разным вопросам, относящимся до учебно-воспитательного дела в женских гимназиях и прогимназиях, а также постановлений, касательно лиц женского пола, занимающихся частного педагогическою деятель-ностью. Составил В.Юрьев. Вятка: «Типография Куклина».* –1885. – 124 стр
9. *Памятная книжка по управлению учебными заведениями Туркестанского края 1880-1881 уч. год.* - Ташкент: Типография Арендүемая Ф.В. Базилевским, 1882. – Книга 3. – 336 с.
10. *Правила испытания и условия при поступлении учениц в Ташкентскую женскую гимназию // Туркестанские Ведомости -1878.-№29.* – 113-114 стр.
11. *От управления учебными заведениями Туркестанского края //Туркестанские Ведомости . – 1885. –№1.* – 1 стр.
12. *Сборник постановлений по Министерству народного просвещения. Царствование императора Александра III 1881-1883.* – СПб.: Типография Высочайше утвержд. Товарищ. «Общественная польза», 1892. - Т. 8. – 1758 с.
13. *Общество вспомоществования учащихся в русских учебных заведениях //Туркестанские Ведомости. - 1885. - № 44.* – 174-б
14. *Акт в женской гимназии //Туркестанские Ведомости. - 1895. - №68*
15. *Обзор Сырдаринской области за 1895 год. Приложение к Всеподданейшему отчету военного губернатора.-Ташкент: Типо-литография торг. дома Фи Г.Бр. Каменские.* – 195 стр
16. *Известия и заметки// Туркестанские Ведомости. - 1885; - №13*

17. Известия и заметки //Туркестанские ведомости. - 1880. - №41
18. Местные известия. Концерт//Туркестанские Ведомости. - 1894. - №1
19. Приказ по Туркестанскому генерал-губернаторству. Учебное ведомство //Туркестанские Ведомости. - 1879. - №5
20. Приказ по Туркестанскому генерал-губернаторству. Учебное ведомство. //Туркестанские Ведомости. - 1879. - №38
21. Число учебных заведений в Туркестанском крае, учащих и учащихся в них в 1893 году // Туркестанские Ведомости. - 1894. 13(25). - №3
22. Приказ по учебному ведомству // Туркестанские Ведомости. - 1906. - №12.
23. Приказ по учебному ведомству //Туркестанские Ведомости. - 1894. - №8.
24. Известия и заметки //Туркестанские Ведомости. - 1879. - №32.
25. Внутренние известия // Туркестанские Ведомости. - 1885. -№48.
26. Правила испытания и условия при поступлении учениц в Ташкентскую женскую гимназию // Туркестанские Ведомости. - 1878. - №29
27. Недорица Е. Отдел неофициальный. Число учащихся в Ташкенте без вечерных курсов для взрослых// Туркестанские Ведомости. - 1885. - № 43
28. Ўзбекистан Республикасының Орталық мемлекеттік архив (ӨРОМА), 47-қор, 1-тізбек, 41-іс
29. Смирнов Е. Сыр-Дарьинская область. Описание составленное по официальным источникам Е. Смирновым. -С-Петербург: Типография М.М. Стасюлевича. -1887. -355 стр
30. Обзор Сыр-дарьинской области за 1893 год. Приложение к Всеподданнейшему отчету военного губернатора. - Ташкент: Типо-литография Бр.О и г. Порцевых. -1897. -140 с
31. Обзор Сыр-дарьинской области за 1890 год. -Ташкент: Тип. при канцелярии Туркестанского генерал-губернатора. -1892. 306 с
32. Местные известия //Туркестанские Ведомости. - 1895. - №80
33. Внутренние известия //Туркестанские Ведомости. - 1885. - №45
34. Поездка учениц Ташкентской гимназии в г. Самарканд для осмотра его исторических памятников// Туркестанский сборник. Т.421. – Ташкент, 1907
35. Педагогическая беседа в Ташкентской женской гимназии //Туркестанские Ведомости. - 1885. - №10
36. Местные известия //Туркестанские Ведомости. - 1906. - №21

References

1. Dobrosmyslov A.I. Tashkent v proshlom i nastoyashem: Istoricheskii ocherk. - Tashkent, 1912. - 520 s.
2. Ostroumov N.P. Konstantin Petrovich von Kaufman - ustroitel' Turkestanskogo kraja: lichniye vospaminiya N. Ostroumova (1877-1881) /N. Ostroumov. - Tashkent: Typo-lith. F. et G^a. Br. Kaminskih, 1899. - 286 s.
3. Bendrikov K.E. Ocherki po istorii narodnogo obrazovaniya v Turkestane (1865-1924). - M.: izdatel'stvo Akademii pedagogicheskikh nauk RSFSR, 1960, 1960 s.
4. Urashev S.A. Verny na rubezhe XIX i XX vekov (istoricheskiye ocherki) - Almaty. -2006. -274 s. [15:00, 26.10.2022] Молдир: avtoreferat dis. ... kandidata istoricheskikh nauk: 07.00.02 / Kostanayskiy gos. Univ. A. Baitursynova. – Omsk, 2000. – 30 s.
6. Izvlechenie iz Vsepoddanneishego otcheta g. Ministra Narodnogo Prosveaheniya za 1877 god. Zhenskiye gymnasii i pro-gymnasii // Zhurbal Ministerstvo Narodnozgo prosvesheniya. Part CCVII.-Saint Petersburg. Typographia S. Balasheva. -1879.
7. Zhenskiye gymnasii i pro-gymnasii Ministerstva Narodnogo Prosvesheniya 1858-1905. Izdanie Departamenta Narodnogo Prosvesheniya, St. Petersburg. -Typographiya M.M. Stasyulkevicha. -1905. -138 s.
8. Sbornik pravil i programm dlya zhenskih gymnasii i pro-gymnasii vedomstva Ministerstva Narodnogo Prosvesheniya. S prilozheniem ministerskih rasporyazhenii i postanovlenii po raznim voprosam, otnosyashimsya do uchebno-vospitatel'nogo dela v zhenskih gimnaziyah i progimnaziyah, a takzhe postanovlenii kasatel'no lic zhenskogo pola, zanimaushihsiya chastnoi pedagogicheskoi deyatel'nost'u. Sostavil V. Yuryev. Vyatka: "Typographia Kuklina". -1885. -124 str
9. Pamyatnaya knizhka po upravleniu uchebnimi zavedeniyami Turkestanskogo kraja 1880-1881 uch. god. - Tashkent : typographia Rented by F.V. Basilevsky, 1882. - Kniga 3. - 336 s.
10. Pravila ispitaniya i usloviya pri postuplenii uchenic v Tashkentskuyu zhenskuyu gymnasii // Turkestanskije Vedomosti -1878. -№29. -113-114 s.
11. Ot upravleniya uchebnimi zavedeniyami Turkestanskogo kraja// Turkestanskije Vedomosti. -1885. -№1. 1- str

12. *Sbornik postanovlenii po Ministerstvu narodnogo prosvesheniya. Tsarstvovanie imperatora Alexandra III 1881-1883.- Spb.: Typographia Vysochayshe utverzhd. Tovarish'. "Obshestvennaya pol'za", 1892. - Vol. 8. - 1758 s.*
13. *Obshestvo vspomishestvovanya uchashihsya v russkikh uchebniyakh// Turkestanskije Vedomosti.-1885.-№ 44.- s.*
14. *Akt v zhenskoi gymnasii //Turkestanskije Vedomosti.- 1895.- №68*
15. *Obzor Syrdainskoi oblasti 1895 god. Prilozhenie k Vsepoddaneishemu otchetu voennogo gubernatora. - Tashkent: Tipo-litographia torg.doma Phi G. Br. Kamenskie.- 195 str*
16. *Izvestiya i zametki// Turkestanskije Vedomosti, - 1885; - №13*
17. *Izvestiya i Zametki //Turkestanskije vedomosti.- 1880. - №41.*
18. *Local News .Concert//Turkestanskije Vedomosti.- 1894.- №1*
19. *Prikaz po Turkestanskomu general-gubernatorstvu. Uchebnoe vedomstvo//Turkestanskije Vedomosti.- 1879. - №5*
20. *Prikaz po Turkestanskomu general-gubernatorstvu. Uchebnoe vedomstvo//Turkestanskije Vedomosti.- 1879.- №38*
21. *Chislo uchebniykh zavedenii v Turkestanskom krae, uchashih i uchashihsya v 1893 godu// Turkestanskije Vedomosti. — 1894. 13(25).- №3*
22. *Prikaz po uchebnomu vedomstvu// Turkestanskije Vedomosti.-1906.- №12*
23. *Prikaz po uchebnomu vedomstvu // Turkestanskije Vedomosti.-1894. №8*
24. *Izvestiya i Zametki //Turkestanskije Vedomosti.-1879. - №32*
25. *Vnutrennie izvestiya// Turkestanskije Vedomosti.-1885. - №48*
26. *Pravila ispitaniya i usloviya pri postuplenii uchenic v Tashkentskuyu zhenskuyu gymnasiyu // Turkestanskije Vedomosti. - 1877. - №29*
27. *Nedoritsa E. Otdel neoficial'nii. Chislo uchashihsya v Tashkente bez vekhernih kursov dlya vzroslih// Turkestanskije Vedomosti. -1885.- №43*
28. *Uzbekistan Respublikasinin Ortalik memlekettik arhivi (UROMA) - 47-qor, 1-tizbek, 41-is*
29. *Smirnov E. Syr-Darinskaya oblast'. Opisanie sostavlennoe po oficial'nim istochnikam E.Smirnovim.- St.Petersburg: Typographia per M.M.Stasyulevich. - 1887. - 355 str*
30. *Overview of the region of Syr-Darya 1893 god. Prilozheniye k Vsepoddaneishemu otchetu voennogo gubernatora.— Tashkent: Typo-lithographiae Br.O i g.Porceviih 1897. -140 s*
31. *Overview of the region of Syr-Darya for 1890. -Tashkent: Tip pri koncelyarii Turkestanskogo general-gubernatora.-1892. 306 s*
32. *Mestniye izvestiya//Turkestanskije Vedomosti. - 1895. - №80.*
33. *Vnutrenniye izvestiya // Turkestanskije Vedomosti. - 1885. - №45.*
34. *Poezdka uchenic Tashkentskoi gimnazii v g. Samarkand dlya osmotra ego istoricheskikh pamyatnikov.// Turkestan collection. T. 421. – Tashkent,1907*
35. *Pedagogicheskaya beseda v Tashkentskoi zhenskoi gymnasii// Turkestanskije Vedomosti. - 1885. - №10*
36. *Mestniye izvestiya// Turkestanskije Vedomosti. - 1906. - №21.*